

ORAL ÓÑIRI

СЕЙСЕНБІ,
17 қыркүйек 2024 жыл
№75 (21364)

www.zhaikpress.kz
oral_oniri@inbox.ru

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.facebook.com/zhaikpress

twitter.com/zhaikpress

www.instagram.com/zhaikpress

6+

«Мен оқыған 30 кітап»



9

«ҚАЛА КҮНІ – 2024» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОРАЛДА ӨТЕТІН ІС-ШАРАЛАР

ШАРА АТАУЫ	УАҚЫТЫ	ӨТЕТІН ОРНЫ
Орал қаласы әкімінің жүлдесіне арналған волейболдан дәстүрлі «Достық-Дружба» қалааралық турнирі	17-23 қыркүйек	«Орал» СК
«Uralsk Green Forum» экологиялық форумы	20 қыркүйек 09:00	«Атамекен» өнер ордасы
Кезекте тұрған азаматтарға жаңа пәтер кілттерін табыстау рәсімі	20 қыркүйек 15:00	Кемеңгер көшесі, 41 үй
Зашаған кентіндегі жаңа бульвардың ашылуы	20 қыркүйек 17:00	Орал-Саратов тасжолының бойы
Қолөнер шеберлері бұйымдары және гүлдер жәрмеңкесі	21 қыркүйек 11:00	Д.Нұрпейісова көшесіндегі арбат
Жергілікті азық-түлік өнімдерінің көрмесі	21 қыркүйек 11:00	Д.Нұрпейісова көшесіндегі арбат
«Орал опера – 2024» классикалық музыка кеші	21 қыркүйек 16:00	«Атамекен» өнер ордасы
«Туған қалам – Орал» мерекелік гала-концерті	21 қыркүйек 20:00	ҚР Тұңғыш Президенті алаңы
Бәйге түрлерінен «Жайық жүйрігі – 2024» атты БҚО ашық чемпионаты	22 қыркүйек 10:00	Бортау ауданы, атшабар алаңы



Нәсіпқали ДӘУЛЕТОВ,
«Құрмет» орденінің иегері,
ҚР Білім және ғылым
министрлігінің «Ең үздік
мектеп директоры»
дипломының екі мәрте ие-
гері, ҚР Құрметті азаматы
байқауының жеңімпазы,
педагогика ғылымдары-
ның кандидаты,
профессор

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында саяси-экономикалық мәселелермен қатар, баса назар аударған маңызды проблемалардың бірі – ағарту саласына, сапалы білім беруге ерекше орын берілген. Жолдауда «Халықаралық деңгейде бүгінгі заман талабына сай келетін оқу орындарын қолдауға, әрбір грант құны жасардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасауы тиіс» деп көрсетілген. Одан әрі «Өз кәсібін жетік меңгерген адамдар ұлт сапасын арттырады. Ұстаздар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Бұл бағыттағы жұмыстардың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет» делінген. Әлемдік білім берудің практикасында ерекше қабілетті, талантты балаларға сапалы білім берумен Еуропа елдерінде арнайы мамандандырылған

Қабілетті жастарға

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТ

мектептер айналысады, олар – ғасырлар бойы адамзатқа қызмет етіп, тәжірибе жинақтаған, теориялық жағынан да жүйеге келген оқу орындары. Біздің жағдайымызда, ел егемендігіне орай, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап, ерекше қабілетті, дарынды балаларға сапалы білім беруде жаңа типті мектеп-лицей, гимназия, дарынды балаларға арналған мектептер құрылып, қарқынды жұмыс істей бастады. Олар талантты да қабілетті балаларды бөлектеп оқытып, сапалы білім беруде әжептәуір жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Әсіресе, соның ішінде, қабілетті де дарынды балалардың әлемдік деңгейде сапалы білім алуын қамтамасыз еткен Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған дарынды балалар мектебі еді. Ширек ғасыр бойы, облыстық дарынды балалар мектебінде, мектептің мәртебесіне (статусына) сәйкес элитарлық білім беруде, оның үздік көрсеткішке жетуіне негіз болған, төмендегідей әлемдік инновациялық тәжірибелердің жүзеге асырылуы еді.

Ең алдымен, мектеп тыңнан, жоғары педагогикалық оқу орнының ғылыми-әдістемелік, материалдық негізінде құрылды. Институттың ректоры профессор Т. Рысбеков жоғары оқу орнының ғылыми-әдістемелік базасын оқушыларға студенттермен бірдей пайдалануға толық мүмкіндік жасады. Сонымен қатар сыныптарда оқушылардың қабілет-қызығушылықтарына қарай бірыңғай бейінді білім беруде жекеле-

ген пәндер тереңдетіліп оқытылатын англо-саксондық және әр оқушының шығармашылық жеке қабілеттерін дамыту бағытындағы финляндиялық жүйе жүзеге асырылды. Бұл бағыттар біздің жағдайымызда да өзінің ерекше тиімділігін көрсетті. Оқыту үрдісін әр оқушының қабілет-мүмкіншілігіне қарай жүргізу, бейінді білім беру моделін жүзеге асыруға қолайлы болып шықты. Мектепте бірден Франция, Германия, Қытай елдеріндегі таңдау және міндетті пәндерді жан-жақты меңгертуде, оқушылардың күрделі де көлемді теориялық тұрақты инновациялық сауатын дамытудағы лабораториялық-практикалық материалдарды қосарланған сабақ арқылы жүзеге асыру қолға алынды. Ол барған сайын әдістемелік жағынан жетілдіріліп, сапалы білім берудің басты факторына айналды; білім стандартын

оқушылардың жүйелі, тұрақты меңгеріп отыруын қамтамасыз етуде жапондық білімді бақылаудың мониторингтік әдістеріне ерекше мән берілді.

Білімді бақылаудың біртұтас жапондық мониторингтік жүйесі оқушылардың білім алу, мұғалімдердің білім беру үрдісінің деңгейін күнделікті, тоқсандық, жылдық тұрақты бақылау арқылы әр оқушының білімді сапалы меңгеруін қамтамасыз еткен ең бір инновациялық тәсілдердің бірі болды. Осы негізде дарынды балаларға арналған мектептің түлектері қатарынан соңғы ондаған жыл бойы, жоғары оқу орындарына грантпен 100 пайыз қабылданып отырды. Жүз пайыз! Бұл – бұған дейін республикада болмаған көрсеткіш. 150-ден астам шәкіртіміз «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің ең таңдаулы университеттерінде, 20-дан астамы В. Ломоносов

атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы А. Колмогоров мектебінде білім алды.

Жолдауда талапты да қабілетті жастарға заманауи мектептерде сапалы білім берудің біздің жағдайымыздағы жұмыстардың «беталысы жақсы» деп жоғары баға берілуі орынды. Оны жоғарыда айтылған бір ғана мектептің тәжірибесінен де нақты көруге болады. Бірақ бүгінгі таңдағы үлкен кемшілік, сол озық тәжірибелер өз дәрежесінде дами алмай отыр. Жолдауда қабілетті жастарға сапалы білім берудегі әлемдік озық тәжірибелерді өз дәрежесінде «жалғастыру қажет» деп күн тәртібіне қойып отыр. Жолдау жас ұрпаққа сапалы білім берудің мемлекеттік деңгейде маңыздылығына ерекше мән беріп отырған аса құнды құжат деп айтуымызға толық негіз бар.

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар топтамасына: 2024-2025 жылдарға қоршаған ортаға ластағыш заттардың шығарындыларына жол берілетін нормативтер жобасы, 2024-2025 жылдарға қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, 2024-2025 жылдарға өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, 2024-2025 жылдарға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы, ҚОҚ бөлімімен "Рожковское кен орнын жайластыру" жобасы (түзету), ҚОҚ бөлімімен "Рожковское кен орнын жайластыру объектілерін салу кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру жобасына (түзету) ашық жиалыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аймағы:

1. БҚО, Бәйтерек ауданы, Құрманғазы а. о., Құрманғазы а. (географиялық координаттар 51034'44"N 52004'55"E)

2. БҚО, Бәйтерек ауданы, Чиров а. о., Чиров а. (географиялық координаттар 51039'10"N 51058'11"E)

3. БҚО, Бәйтерек ауданы, Январ-

цев а. о., Январцев а. (географиялық координаттар 51026'34"N 52014'35"E);

4. БҚО, Бәйтерек ауданы, Сұлу көл а. о., Сұлу көл а. (географиялық координаттар 51039'10"N 52010'46"E).

Бастамашы: "Урал Ойл энд Газ" ЖШС, ҚР, Орал қ. С. Есқалиев көшесі, 179 (3-қабат), БСН 020740001948, тел.: 8(7112) 93-33-20.

Орындаушы: «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN», ҚР, Орал қ., Кемеңгер көшесі 1, БСН 080140004515, тел.: 8(7112) 549688.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны:

• 2024 жылғы 28 қазан сағат 11:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Құрманғазы а. о., Құрманғазы а., ауылдық клуб ғимараты, Школьная көш., 1;

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 812 0961 8513, қол жеткізу коды: 0000.

• 2024 жылғы 28 қазан сағат 15:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Чиров а. о., Чиров а., Мәдениет үйі, Мирная көш., 61;

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 875 0985 5493, қол жеткізу коды: 0000.

• 2024 жылғы 29 қазан сағат 11:00,

БҚО, Бәйтерек ауданы, Январцев а. о., Январцев а., Мәдениет үйі, Советская көш., 56;

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 853 7131 4098, қол жеткізу коды: 0000.

• 2024 жылғы 29 қазан, сағат 15:00 БҚО, Бәйтерек ауданы, Сұлу көл а. о., Сұлу көл а., Мәдениет үйі, Достық көш., 15/1.

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 852 3882 5265, қол жеткізу коды: 0000.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен [http:// www.esportal.kz](http://www.esportal.kz) бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар esportal.kz бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ tabigat_zko@mail.ru электрондық мекенжайға қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда [https:// esportal.kz/](https://esportal.kz/) және «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zherpaidalanu?lang=ru> танысуға болады.

Асфальт-бетон зауыты мен топырақ араластыру үшін уақытша алаңның құрылысын қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Бастамашы – «ДСК-Приоритет» ЖШС-гі, БСН: 080940002042, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Жаңаталап көшесі 47 үй, тел.: 87112230350.

Сонымен қатар барлық ұсыныстар мен ескертулер бірыңғай экологиялық порталда <https://esportal.kz/> қоғамдық тыңдалым өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күні мерзімінде кешіктірілмей қабылданады 24.09.2024ж. Төтенше жағдайлар немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдалым онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда <https://esportal.kz/> және «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында беріледі.